



# Ұстаз деген ұлы есім

**Осы тақырыпта  
Арқалық қаласындағы  
Дала өлкесі тарихы  
облыстық мұражайында  
Ы.Алтынсарин  
атындағы Арқалық  
педагогикалық  
институтының аға  
оқытушысы, педагогика  
ғылымдарының  
магистрі, АрқПИ  
құрметті профессоры  
Ардақ Абдуллинамен  
кездесу кеші өтті.**

Ардақ Әмірханқызы Ыбырай Алтынсариннің ең алғаш шәкірті болған Досжан, Досмағұл, Мұқан Тоқтабаев, Кәрім Досжанұлы секілді ұстаздар династиясының жалғасы.

Ардақ Әмірханқызының да бар саналы ғұмыры ұстаздық жолға бағытталып келеді. Еңбек жолын ең алғаш Ы.Алтынсарин атындағы Торғай қазақ орта мектебінде ұстаздық жолды бастаған Ардақ Әмірханқызы 1992 жылдың желтоқсан айында арнағы шақырумен Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтына қызметке тұрады. Содан бері табаны куректей отыз жылдан астам уақыт бойы ез саласында жемісті де, женісті, абыройлы еңбек етіп келе жатқан ұстаздың есімі ез шәкірттеріне ғана емес, тұтас Торғай халқына қадірлі деуге болады. Ұстаздық жолды ғана

диссертацияны алдын-ала қорғаудан сәтті өткенимен диссертация қорғау жүйесі өзгеріп, бұрынғы диссертациялық кеңестің жабылуына байланысты филологияғылымының кандидаты атағын алу сәті түспейді. Бұған мойымаған ғалым ез жұмысын жалғастырып, 2015 жылы Астана қаласындағы Тұран-Астана университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша педагогикағылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алды. Білім және тәрбие беру саласындағы атқарған абыройлы еңбегі үшін әр жылдары «Ұлы ағартушыға 175 жыл» естелік төсбелгісімен, «Алаш ұстазы»

династиясының жалғасы. Досжан -Нұрғали Құлжановтың, Досмагұл - Спандиар Қебеевтің үстазы болса, Мұқан Тоқтабаев алаш арыстары Міржақып пен Сейдәзім Кәдірбаевқа ең алғаш хат танытқан мұғалімі болды. Кәрім Тоқтабаев болса Қазақ КСР орталық атқару комитеті халық ағарту комиссары болып қызметтеді. Ардақты үстаздың әкесі Әмірхан Абдуллин ұзақ жылдар бойы Жангелдин аудандық «Жаңа өмір» газетінің редакторы қызметін атқарған, Торғай өніріне белгілі қаламгер. Әмірхан Нұржанұлы 1980 жылдардан бастап Торғай тарихына, оның ішінде 1916 жылғы Ұлт-Азаттық көтерілісіне қалам тартып, алғаш балаларға арнаған «Сарбаздар», «Қызыл көрүен», «Қанжар» атты әңгімелер жинақтарын жариялады. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұрын айтуға тыйым салынып келген алаш арыстары жайында зерделеп, 2000 жылы Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дұлатұлына арналған «Қос арыс» атты кітабын шығарды. Қазақ тарихының көне күөгери Торғай тауарихына қатысты шыққан «Тарихи Торғай» атты еңбегі де өніріміздің өткенин зерттеушілерге құнды кітап.

Осындай текті бабаларының жолын жалғаған

ұстанбай, ғылымға да деген қойған зерттеушінің ғылыми мақалалары шет елдік басылымдарда, Білім және ғылым министрлігінің ғылым комитеті бекіткен журнaldарда, «Ақиқат», «Абай», «Үркөр», «Ұлт тағылымы» т.б. журналдар мен «Қазақ» газетінде үздіксіз жарияланып тұрады.

«Нұрхан Ахметбековтің әдеби мұрасы», «Қайраткер, ғалым, қаламгер Ахмет Байтұрсыновтың әдеби мұрасы» атты оку құралдары мен «Ақан Нұрмановтың әдеби мұрасы» атты монографиясы, «Жас маманға жәрдем» (студенттерге арналған қомекші құрал), «Ақын Н.Ахметбековтің «Күләндам» жыр – шежіре дастанының тілдік ерекшелігі», «Синтаксис әлеміне саяхат», «Жазба жұмыс түрлөрі» атты оку құралдары, «Тілдік қатынас негіздері» атты электронды оку құралы мен сексен шақты ғылыми мақалалардың авторы.

Ардақ Әмірханқызы 2003 жылдың 30 қаңтарында ҚР ҰҒА кооп. мүшесі, ф.ғ.д., профессор Р.Н.Нұргалидың жетекшілігімен «Ақан Нұрмановтың характер жасау шеберлігі» тақырыбында кандидаттық диссертациясының тақырыбын бекітіп, 2010 жылы кандидаттық

медалімен (күәлік №117) және әртүрлі алғыс хаттар мен дипломдармен марапатталды. 2023 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының Құрметті профессоры атағы берілсе, биылғы қазан айында тіл саясаты саласын дамытуға, қазақ тілін қолдану аясын кеңейтуге қосқан елеулі үлесі үшін ҚР ғылым және Білім министрі Саясат Нұрбектің Құрмет дипломы тағыс етілді.

Улағатты үстазбен болған кездесу кешіне Ардақ Әмірханқызының ең алғашқы шәкірттері, қазіргі кезде өзімен қызметтес болып жүрген философия ғылымдарының кандидаты Конкина Гүлбаршын Спанқызы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, АрқПИ құрметті профессоры Қолдасбаева Зинайда Шәкірқызы, ф.ғ.к Қалиева Айбек Киікбайұлы т.б. құрметті қонақтар қатысып, өз лебіздерін білдірді. Олар Ардақ Әмірханқызының жоғарыда атап өтілген бар еңбегін саралап айттып, келген қонақтар ризашылық көнілмен қайтты.

Батырлан САҒЫНТАЕВ,  
Дала өлкесі  
тарихы мұражайының  
ғылыми қызметкери